

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Алтын сақа» бөбекжай балабақшасы

Алтын күз



Тәрбиешілер: Сейдуалиева Г.
Искакова Б

Алтын күз

Армысыздар құрметті қонақтар, ата-аналар, ұстаздар. Бүгінгі «Айгөлек» тобының «Алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, берекелі де мерекелі сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады. Ендеше табиғаттың әсем мезгілінде өтетін

«Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

«Айгөлек» ортаңғы тобының балаларын қарсы алыңыздар.



Жүргізуші :

Қызыл жасыл, сары алтындай
Жапырақтар күздің көркі
Ән салайық, би билейік
Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге
«Жомарт Күз» әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

Балалар мінекей күз мезгілі де келіп жетті
-Күз мезгілінде неше ай бар?
-Күзде ауа райы қандай болады?

Балалар мен сендерге жұмбақ жасыргым келіп тұр , сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсандар біздің көптен күткен қонағымыз келеді. Ендеше сендер дайынсындар ма?

Балалар: Әрине дайынбыз.

Жүргізуші:

Көк майсалы көрікті

Алқап тола көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін . (Күз)

Жүргізуш

Жапқандай жапырағымен айналаны

Қуанып байлығымен бар халқымды

Бір қуанып қайту үшін біздерді

Сабырлы ,сары алтын күз келді.

«Алтын күз»

Армысындар балалар

Ерінбестен еңбек етіп келетін

Еңбекшіге бар жемісін беретін

Мен «Алтын күз»ынтымақты еліме

Берекелі ырыс болып енетін.

Жүргізуші: Сәлеметсізбе «Алтын күз» келіңіз, төрлетіңіз, біздің өнерлі балаларымыздың өнерін тамашаланыз.

Ал балалар өнерімізді көрсетуге дайынбыз ба ?

Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды – деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Мұхамеджан:

Күздің қазан айында

Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр, сыбдыр түседі

Рауан:

Келді міне күз

Айнала сары түс
Керемет тамаша
Қандай әсем күз.

Айлин:

Жапырақ ұшты
Суықта түсті
Сондада бізге
Қызық көп күзде.

Альбина:

Көрініп еліме
Күндері мереке,
Келдіғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Анеля:

Алақай, алақай
Шаттанды балақай
Күз түсті, дән пісті
Айтамыз алғысты.

Алуа:

Көк майсалы көрікті
Алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін.

Ердаулет:

Жапырақ ұшты
Суықта түсті
Сондада бізге
Қызық көп күзде.

Адина:

Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет тамаша
Қандай әсем күз.

Сәбина:

Ән салындар күлiндер
Жайнап гүлдей жүрiндер
Күздiң тойын тойлайық
Би билейiк ойнайық.

Бекасыл:

Шөп сарғайып,
Ағаш құрап
Гүлдер де солды
Жаңбыр жауып, жел соғады.

Айсана:

Күзім ау, күзім ау
Мінезің бұзық ау
Жаңбырың сіркіреп
Келгенің қызық ау.

Әділ:

Сап-сары маңай
Сап сары тоғай
Соңғы әнін айтып
Құс кетті қайтып.

Раяна:

Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді.

Омар:

Көрініп еліме
Күндері мереке
Келдіғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Мөлдір :

Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз.

Айзере :

Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бакта күлімдеп
Көз тартады атырап

Жүргізуші :

Ән салындар күліндер
Жайнап гүлдей жүріндер
Күздің тойын тойлайык
Би билейік ойнайык-деп «Қолшатыр» биін тамашаланыздар.

Жүргізуші : «Көкөністер» биі



Күз:Балалар билерің қандай тамаша,ендігі кезекті ата-аналарға берейік
Ата-аналармен ойын.

Жүргізуші :

Әсем әуен салдырған
Сәбилер де алғыр жан
Бал дәуреннің қызығы
Есте қалар балдырған.

Жүргізуші: «Көбелектер» биі.

Жүргізуші: Балалар мен ойын



Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, ұстаздар. Берекелі де мерекелі жомарт күздің сыйлаған сыйы, әрбір отбасының ақ дастарханынан арымасын еліміз аманзаманымыз тыныш болсын. Бүгінгі «Алтын күз» ертеңгілігімізді көңіл қойып тыңдағандарыңызға, алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп – көп рахмет. Қош сау болыңыздар.